

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 42 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Астана - жаңа қала» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің «Астана - жаңа қала» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

2) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Бурабай» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің «Бурабай» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

3) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Ақтау теңіз порты» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Салық департаментінің «Ақтау теңіз порты» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

4) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Оңтүстік» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің «Оңтүстік» салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

5) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық департаменті» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Алматы қаласы бойынша Салық департаментінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық басқармасы» мемлекеттік м е к е м е с і ;

6) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Щучье ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің Бурабай ауданы бойынша Салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

7) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Щучье аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бурабай аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта

а т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

1 0 - т а р м а қ т а :

«бюджеттік есепке алу мен» деген сөздерден кейін «мемлекеттік қаржылық статистиканы атқару, жүргізу» деген сөздермен толықтырылсын;

«атқару, жүргізу» деген сөздер «жасау» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

9) тармақшада «, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» деген сөздер алынып тасталсын;

10) тармақшада «түсімдер мен» деген сөздерден кейін «төлемдер бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мемлекеттік, шоғырландырылған, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді жасау;

12) мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы есептерді жасау;»;

мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2), 12-3) және 12-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы есептерді жасау;

12-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы есепті жасау;

12-3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау;

12-4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудитін жүргізуді ұйымдастыру;»;

19) тармақшада «есепті беру» деген сөздер «есептерді беру» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) мемлекеттік қарыздарды, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік кепілдіктерді, бюджеттік кредиттерді, мемлекеттің кепілгерліктерін және мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыздарды тіркеу және есепке алу;»;

мынадай мазмұндағы 21-1) және 21-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«21-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің борыштық міндеттемелері бойынша төлемдерді және байланысты гранттар мен бірлесіп қаржыландыру қаражатына үкіметтік сыртқы қарыздар шоттарынан қаражат алу жөніндегі операцияларды жүргізу және есепке алу рәсімдерін жүзеге асыру;

21-2) бюджеттік кредит беру нәтижесінде туындайтын үкіметтік талаптар бойынша борыштық міндеттемелерді есепке алуды қамтамасыз ету;»;

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

«31-1) жеке кәсіпкерлік туралы заңнамаға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласында міндетті ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарына, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне, тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жоспарына қатысты актілерді әзірлеу және бекіту;»

37) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«37) мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын және шетелдік валютадағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу;»;

мынадай мазмұндағы 50-1), 50-2), 50-3), 50-4), 50-5), 50-6), 50-7) және 50-8) тармақшалармен толықтырылсын:

«50-1) Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

50-2) мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік кәсіпорындарын қоспағанда) республикалық бюджетке таза табысының бір бөлігін аудару нормативін келісу;

50-3) шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген мүлікті пайдаланудың тиімділігін бақылауды және мемлекеттік басқару органдарымен келісу бойынша республикалық мемлекеттік заңды тұлғаларды жедел басқаруды жүзеге асыру;

50-4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік меншікке ерікті және өтеусіз негізде қабылдау;

50-5) жеке меншіктен мемлекеттік меншікке ерікті және өтеусіз берілген мүлікті е с е п к е а л у д ы жү р г і з у ;

50-6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік меншікке айналдырылған мүлікті өтеусіз қабылдау;

50-7) Ресей Федерациясы жалға алған «Байқоңыр» кешенінің республикалық меншік объектілерінің тиімді және мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру;

50-8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мәселелер тізбесі бойынша

мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) акционерлерінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың) жалпы жиналыстарында қабылдауға ұсынылатын шешімдердің жобаларын келісу;»;

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«53) республикалық меншікке жататын және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген объектілер бойынша тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары ұсынатын объектілер бойынша ұсыныстарды олар ұсынылған сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде тізбеге е н г і з у ү ш і н к е л і с у ; » ;

мынадай мазмұндағы 53-1), 53-2), 53-3), 53-4), 53-5), 53-6), 53-7), 53-8) және 53-9) тармақшалармен толықтырылсын:

«53-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін орта мерзімді кезеңге арналған концессияға ұсынылатын объектілердің тізбесін келісу;

53-2) республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты конкурстық құжаттаманы келісу;

53-3) жасалған концессия шарттары бойынша концессиялық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

53-4) концессиялық міндеттемелерді тіркеу;

53-5) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген жағдайда концессиялық жобаларды келісу;

53-6) мемлекеттік меншіктегі концессия объектілерін концессионерге иеленуге және пайдалануға беру тәртібін айқындау;

53-7) өз құзыреті шегінде республикалық меншіктегі концессия объектілері бойынша концессия шарттарының орындалу мониторингін жүзеге асыру;

53-8) концессия шарттары негізінде құрылған (салынған) объектілерді республикалық меншікке қабылдау;

53-9) концессия объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау тәртібін айқындау;»;

69), 84), 94), 95) және 144) тармақшалар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 145-1), 145-2), 145-3), 145-4), 145-5), 145-6) және 145-7) тармақшалармен толықтырылсын:

«145-1) меншіктің мемлекеттік мониторингінің мәні бойынша анық және объективті талдау үшін қажетті ақпаратты сұрату мен алуды жүзеге асыру;

145-2) меншіктің мемлекеттік мониторингі жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік бюджеттік қаржы бөлу көлемін негіздеу;

145-3) мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, меншіктің мемлекеттік мониторингі мәніне жататын ақпаратты жинау мен талдауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының өкілдерін тарту;

145-4) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ мониторинг объектілерінен меншіктің мемлекеттік

мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату мен алуды жүзеге асыру ;

145-5) мониторинг объектілерін зерттеу, ақпарат жинау және талдау, ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тарту ;

145-6) зерттеу жүргізу тапсырылған тұлғаларды және танысу үшін ұсынылуға тиіс ақпараттар тізбесін көрсете отырып, мониторинг объектісінің басшыларын зерттеу жүргізілетіні туралы хабардар ету ;

145-7) меншігінде немесе басқаруында осы объектілер бар тұлғаларды мониторинг объектілерін зерттеу нәтижелерімен таныстыру;»;

150) тармақша алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 150-1) тармақшамен толықтырылсын:

«150-1) мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсынымдары бойынша экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілері тізбесін өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде үш жылда кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;»;

177) тармақшада «сатып алу» деген сөздерден кейін «және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 177-1) тармақшамен толықтырылсын:

«177-1) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудиторлық қызмет, бюджет заңнамасы саласында әкімшілік жаза қолдану;» ;

мынадай мазмұндағы 180-1) тармақшамен толықтырылсын:

«180-1) мониторинг бойынша есептілікті табыс ету мерзімін ұзартудан бас тарту туралы немесе мониторинг бойынша есептілікті табыс ету мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау ; » ;

181) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«181) бақылау нәтижелері бойынша жолсыздықтар анықталған соманы бюджетке өтеуді қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберу;» ;

мынадай мазмұндағы 182-1), 182-2), 182-3) және 182-4) тармақшалармен толықтырылсын :

«182-1) бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша бақылау объектілерінен қажетті құжаттарды, анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұратуды және өздеріне белгіленген мерзімде алуды жүзеге асыру ;

182-2) құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бақылау объектілерінің бақылау іс-шарасы мәселелеріне қатысты құжаттамасымен танысу;

182-3) бақылауды жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын және қажет болғанда осы мақсаттарға республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шегінде олардың көрсеткен қызметтеріне ақы төлей отырып, аудиторлық ұйымдар мен с а р а п ш ы л а р д ы т а р т у ;

182-4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы есептер беру;»;

191) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«191) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақылау;»;

194) тармақшада «аудит» деген сөз - «бақылау» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 194-1) тармақшамен толықтырылсын:

«194-1) бақылау объектілерінің есепке алу мен есептілікті жүргізуінің анықтығы мен дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру;»;

мынадай мазмұндағы 199-1), 199-2) және 199-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«199-1) Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімдерін орындауды ұйымдастыру, үйлестіру және қ а м т а м а с ы з е т у ;

199-2) мемлекет кепілдік берген қарыздарға қызмет көрсету және қайтару, сондай-ақ берілген мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау мәселелері бойынша мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша сенім білдірілген адамдармен (агенттермен) өзара іс-қимыл;

199-3) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте өтеу және қызмет көрсету көзделген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын ә з і р л е у ; » ;

201) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«201) аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау;»;

мынадай мазмұндағы 201-1) тармақшамен толықтырылсын:

«201-1) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік б а қ ы л а у ; » ;

204) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«204) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоспардан т ы с т е к с е р у л е р д і жүзеге асыру;»;

мынадай мазмұндағы 204-1) және 204-2) тармақшалармен толықтырылсын:  
«204-1) ішкі бақылау қызметтеріне әдістемелік көмекті жүзеге асыру, олардың қызметін үйлестіру, ішкі бақылау қызметтері қызметкерлерін даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

204-2) ішкі бақылау қызметтерінің қызметкерлері үшін үлгі біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;»;

216) тармақшада «шоттарына» деген сөз «ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

217) тармақшада «тапсырмаларының,» деген сөзден кейін «төлеуге ұсынылатын шоттардың» деген сөздермен толықтырылсын;

220) тармақшада «валюталық және ағымдағы шоттар» деген сөздер «ақылы қызмет, демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру қолма-қол ақшасын бақылау шоттары және шетел валютасындағы шоттар» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 227), 228), 229), 230), 231), 232), 233), 234), 235), 236), 237), 238) және 239) тармақшалармен толықтырылсын:

«227) «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты жинауды және өндеуді жүзеге асыру;

228) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы алынған ақпаратты талдауды жүзеге асыру ;

229) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру ;

230) соттың қылмыстық іске қатысты сұратуы бойынша іс жүргізуіндегі материалдарды шешу үшін қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар бойынша қажетті ақпаратты жіберу;

231) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты деп жорамалдауға негіздер болған кезде құқық қорғау органдарына өздерінің құзыретіне сәйкес іс жүргізу шешімін қабылдау үшін ақпарат жіберу;

232) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

233) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында республикалық дерекқор қалыптастыруды және жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ ақпараттық жүйелердің

әдіснамалық бірыңғайлығын және келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

234) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүргізу;

235) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан алынатын ақпараттың негізінде Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын қорыту, сондай-ақ оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу ж ә н е е н г і з у ;

236) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық тәжірибесі мен п р а к т и к а с ы н з е р д е л е у ;

237) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде іс-шаралар жүргізу;

238) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ұйымдардың қ ы з м е т і н е қ а т ы с у ;

239) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мақсаты үшін оффшорлық аймақтардың т і з б е с і н а й қ ы н д а у ; » ;

1 5 - т а р м а қ т а :

б) тармақша алынып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;»;

2) көрсетілген қаулының 3-қосымшасында:

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Салық комитетінің Зырян қаласы - Зырян ауданы бойынша Салық комитетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Зырян қаласы - Зырян ауданы бойынша Салық басқармасына.»;

115-тармақта «Қазыбек би» деген сөздерден кейін «атындағы» деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

171-тармақта «облыстық» және «Лебяжье» деген сөздер тиісінше «облысы бойынша» және «Лебяжі» деген сөздермен ауыстырылсын;

191-тармақта «қалалық» деген сөз «қаласы бойынша» деген сөздермен



а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

19-тармақта «Щучье» деген сөз «Бурабай» деген сөзбен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

«20-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ақмола облысы бойынша Салық департаментінің «Бурабай» салық басқармасы.»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің Зырян қаласы - Зырян ауданы бойынша Салық басқармасы.»;

120-тармақта «Қазыбек би» деген сөзден кейін «атындағы» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 167-1-тармақпен толықтырылсын:

«167-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Салық департаментінің «Ақтау теңіз порты» салық басқармасы.»;

177-тармақта «облыстық» деген сөз «облысы бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

197-тармақта «қалалық» деген сөз «қаласы бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 214-1-тармақпен толықтырылсын:

«214-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментінің «Оңтүстік» салық басқармасы.»;

мынадай мазмұндағы 221-1-тармақпен толықтырылсын:

«221-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Алматы қаласы бойынша Салық департаментінің «Ақпараттық технологиялар паркі» салық басқармасы.»;

мынадай мазмұндағы 225-1-тармақпен толықтырылсын:

«225-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Астана қаласы бойынша Салық департаментінің «Астана - жаңа қала» салық басқармасы.»;

226, 227, 228, 229 және 230-тармақтар алынып тасталсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитетінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде 18-тармақта «Щучье» деген сөзі «Бурабай» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. Осы қаулы 2010 жылғы 9 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтың 1) тармақшасының тоқсаныншы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші, тоқсан алтыншы, тоқсан жетінші, тоқсан сегізінші, тоқсан тоғызыншы, жүзінші, жүз бірінші, жүз екінші және жүз үшінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК